**Қазақстан Республикасындағы жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**
**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 1135 Қаулысы**
*(2014.03.03. берілген* **өзгерістермен***)*

*ҚР Үкіметінің 2014.03.03. № 169* **Қаулысымен** *тақырыбы жаңа редакцияда (***бұр.ред.қара***)*

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 **қаулысын** іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
*ҚР Үкіметінің 2014.03.03. № 169* **Қаулысымен** *1-тармақ жаңа редакцияда (***бұр.ред.қара***)*

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарлама** бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**
**Премьер-Министрі** **К. Мәсімов**

*ҚР Үкіметінің 2014.03.03. № 169* **Қаулысымен** *бағдарлама жаңа редакцияда (***бұр.ред.қара***)*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 29 қазандағы
№ 1135 **қаулысымен**
бекітілген

**Қазақстан Республикасында жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама**

## 1. Бағдарлама паспорты

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасында жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) |
| Әзірлеу үшін негіздеме | Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 19-тармағы |
| Жауапты орындаушы | Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі |
| Мақсаты | Бәсекеге қабілетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің отандық өндірісін орнықты дамыту үшін қосымша жағдайлар жасау, сондай-ақ оларды ішкі нарықта ілгерілету. |
| Міндеттер | Жергілікті қамтуды дамытудың мемлекеттік саясатын жүйелендіру, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру. Отандық өндірушілерге сервистік қолдау көрсету.<br>Отандық өндірісті одан әрі дамыту жолдарын талдау және болжау.<br>Ішкі нарықта барынша сұранысқа ие тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің өндірісін игеру бойынша жобаларды іске асыруға және жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға жәрдемдесу. |
| Іске асыру кезеңдері | Бірінші кезең - 2010 - 2011 жылдар;<br>Екінші кезең - 2012 жыл;<br>Үшінші кезең - 2013 - 2014 жылдар. |
| Нысаналы индикаторлар | 2014 жылы жалпы сатып алу көлемінде жергілікті қамту үлесін және жергілікті мамандарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экономикалық тиімді өндірісінің мынадай деңгейін қамтамасыз ету:<br>тау-кен кешенінің жер қойнауын пайдаланушылар: тауарлар бойынша 12 %-ға дейін;<br>жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 74 %-ға дейін; |

| | |
|---|---|
| | мұнай-газ кешенінің жер қойнауын пайдаланушылар (NCOC, ҚПО және ТШО көрсеткіштерін есепке алмағанда):<br>тауарлар бойынша 16 %-ға дейін;<br>жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 72,5 %-ға дейін;<br>жер қойнауын пайдаланушылар жобаларына қамтылған жергілікті персонал пайызы:<br>жоғары буын менеджерлері үшін кемінде 70 %;<br>орта буын менеджерлері, инженерлік-техникалық персонал және жұмысшы мамандықтары үшін кемінде 90 %;<br>мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар:<br>тауарлар бойынша 43 %-ға дейін;<br>жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 87 %-ға дейін;<br>ұлттық басқару холдингі, ұлттық холдингтер мен компаниялар:<br>тауарлар бойынша 49 %-ға дейін;<br>жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 78 %-ға дейін;<br>жүйе құраушы кәсіпорындар:<br>тауарлар бойынша 15 %-ға дейін;<br>жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша 68 %-ға дейін. |
| Қаржыландыру көздері мен көлемі | Бағдарламаны қаржыландыру 3 706,5 млн. теңге көлемінде республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. |

## 2. Кіріспе

Жергілікті қамту - кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыруы кезінде пайдаланылатын жергілікті тауарлардың, қызметтердің және еңбек ресурстарының құндық және пайыздық мәндегі үлес көрсеткіші.

Отандық өңдеуші өнеркәсіптің ішкі нарықты отандық бәсекеге қабілетті өніммен толықтыру үшін әлеуеті бар, алайда бүгінгі күні өндіріс көлемі және отандық тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тиісінше импортталатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемімен салыстырғанда елеусіз болып отыр.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, өтпелі кезең шеңберінде экономиканың қалыптасу кезеңінде (АҚШ, Бразилия, Норвегия және т.б.) шаруашылық қатынастарды тиімді мемлекеттік реттеу оң экономикалық нәтижелер әкелуі мүмкін, бұл ретте мемлекеттік саясат тек тұтынушыларға ықпал ету шараларымен шектеліп қоймай, сонымен қатар отандық өнеркәсіптің өндірістік әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Жергілікті қамтуды дамытудың халықаралық тәжірибесін талдау жергілікті қамтуды дамыту мәселесіндегі мемлекеттік саясаттың негізінен мыналарға:

1) Үкіметтің, жергілікті өндірушілердің, инвесторлардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру және жергілікті өнім мен көрсетілетін қызметтерді сатып алушы компанияларды белсенді тартуға;

2) мемлекеттік органдар мен ірі шаруашылық субъектілерінің қажеттіліктерін талдау негізінде нарық қажеттіліктерін зерделеуге;

3) еңбек нарығының шынайы мұқтаждықтарына бағдарланған білім жүйесінің тиімділігін арттыру, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ішкі нарықты қорғау, отандық өндірісті қолдау мақсатында жүйелі шараларды әзірлеуге;

4) жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының кезеңдері бойынша нысаналы көрсеткіштерді айқындау және оларды тұрақты бақылауға бағытталуы тиіс екенін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген факторлар мен жергілікті қамтуды дамыту бойынша жұмыс бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламаны** іске асыру мақсатында әзірленген осы Бағдарламада көрініс тапты. Бағдарламада көзделген жүйелік және жедел қолдау шаралары отандық өндірушілерге орнықты дамуға, Қазақстанның Бірыңғай экономикалық кеңістігіне және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі шарттарында бәсекелестіктің күшеюіне дайындалуға жәрдемдесуі тиіс.

Жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі шаралар 2010 - 2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мынадай салалық бағдарламаларында да, атап айтқанда химия өнеркәсібін, атом өнеркәсібін, электр энергетикасын, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, мұнай-газ саласын, тау-кен металлургиясы саласын, машина жасауды, агроөнеркәсіптік кешенін, туристік индустрияны, жеңіл өнеркәсіпті, құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі бағдарламаларда да көзделген.

## 3. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Ағымдағы жағдайды және жергілікті қамтудың, елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсерін бағалау

Жергілікті қамту мониторингі субъектілері (мемлекеттік органдар, жер қойнауын пайдаланушылар, концессионерлер, ұлттық компаниялар және жүйе құраушы компаниялар) есептіліктерінің мәліметтеріне сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - ТЖҚ) сатып алудың жалпы көлемі 2012 жылы 8 711,6 млрд. теңгені құрады, оның ішінде отандық өнім берушілерден - 4 954,3 млрд. теңгеге сатып алынған. Тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 56,9 %-ды құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 1,6 %-ға және 2010 жылмен салыстырғанда 8,6 %-ға көп. Бұл ретте:

1) тауарлар 3 432,4 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті тауарлар 1 184,0 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті тауарлардың үлесі 34,5 %-ды құрады, оны 2011 жылмен салыстырғанда 324,8 млрд. теңгеге көп және 2010 жылмен салыстырғанда 334,1 млрд. теңгеге көп сатып алынған;

2) жұмыстар 2 466,0 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті жұмыстар үлесі 60,9 %-ды құрады - бұл 2011 жылдың көрсеткішінен 4,5 %-ға төмен, бірақ ақшалай баламада 401,9 млрд. теңгеге көп - 1 501,4 млрд. теңгені құрады;

3) қызметтер 2 813,1 млрд. теңге жалпы сомасына көрсетілген, оның ішінде жергілікті өнім берушілер 2 268,8 млрд. теңге сомасына қызметтерлер көрсеткен, жергілікті көрсетілетін қызметтердің үлесі 80,7 %-ды құрады. Салыстыру үшін 2011 жылы жергілікті өнім берушілер қызметтерді 238,1 млрд. теңгеге немесе 6,9 %-ға аз көрсетті.

2012 жылдың қорытындылары бойынша ТЖҚ сатып алу көлемі мынадай:

Мемлекеттік органдар:

1) тауарлар 312,6 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті тауарлар 125,3 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті тауарлардың үлесі 40,1 %-ды құрады. Салыстыру үшін 2010 жылы жергілікті тауарлар 91,7 млрд. теңге сомасына сатып алынды, ал 2011 жылы - 78,2 млрд. теңгеге сатып алынды;

2) жұмыстар 395,4 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті өнім берушілерден 326,0 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті жұмыстардың үлесі - 82,5 %. 2010 жылы 2012 жылмен салыстырғанда жергілікті жұмыстар 103,0 млрд. теңгеге кем сатып алынды, 2011 жылы - 173 млрд. теңгеге кем;

3) көрсетілетін қызметтер 424,8 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, жергілікті өнім берушілерден 367,4 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті қызметтер үлесі 86,5 %-ды құрады. 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жыл жергілікті өнім берушілерден қызметтер 215,3 млрд. теңгеге көп сатып алынған, ал 2010 жылмен салыстырғанда - 140 млрд. теңгеге көп.

Жүйе құрушы кәсіпорындар (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 366 қаулысымен бекітілген ТЖҚ сатып алуы қазақстандық қамту мониторингісіне жататын ұйымдардың тізбесіне сәйкес кәсіпорындар):

1) тауарлар 731,8 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оны 2011 жылмен салыстырғанда 537 млн. теңгеге көп сатып алынды, оның ішінде жергілікті тауарлар 232,8 млрд. теңгеге сатып алынған, жергілікті тауарлардың үлесі 31,8 %-ды құрады. Салыстыру үшін 2010 жылы жергілікті тауарлар 112,9 млрд. теңге сомасына сатып алынған, ал 2011 жылы - 103,7 млрд. теңгеге сатып алынған.

2) жұмыстар 2012 жылы 56,1 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оны 2011 жылмен салыстырғанда 8,8 млрд. теңгеге және 2010 жылмен салыстырғанда 10,6 млрд. теңгеге кем сатып алынған, оның ішінде жергілікті өнім берушіден 50,8 млрд. теңге сомасына сатып алынды, жергілікті жұмыстардың үлесі - 90,5 % құрады, бұл 2011 жылдың көрсеткішінен 13,8 %-ға және 2010 жылмен салыстырғанда 13,6 %-ға көп;

3) көрсетілетін қызметтер 229,0 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, жергілікті өнім берушілерден 195,9 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті қызметтер үлесі 56,6 %-ды құрады. 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы жергілікті көрсетілетін қызметтер 109,5 млрд. теңгеге көп сатып алынды және 2010 жылмен салыстырғанда 90,1 млрд. теңгеге көп.

Жер қойнауын пайдаланушылар:

1) тауарлар 758,3 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті тауарлар 95,2 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті тауарлардың үлесі 12,6 %-ды құрады. 2011 және 2012 жылдардағы жергілікті тауарлар үлесі тиісінше 11,4 % және 11,9 % құрады;

2) жұмыстар 1 100,8 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті өнім берушілерден 567,6 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті жұмыстардың үлесі - 51,6 %. Салыстыру үшін 2010 жылы жергілікті жұмыстар 257,3 млрд. теңге сомасына сатып алынған, ал 2011 жылы - 531,8 млрд. теңгеге;

3) көрсетілетін қызметтер 1 128,1 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, жергілікті өнім берушілерден 833,3 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті көрсетілетін қызметтер үлесі 73,9 %-ды құрады. 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда көрсетілетін қызметтер 95 млрд. теңгеге көп сатып алынған, ал 2010 жылмен салыстырғанда - 226,7 млрд. теңгеге көп.

Ұлттық холдингтер мен компаниялар:

1) тауарлар 1 607,7 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті тауарлар 739,2 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті тауарлардың үлесі 46 %-ды құрады. Салыстыру үшін 2010 жылы жергілікті тауарлар 568,9 млрд. теңге сомасына сатып алынған, ал 2011 жылы - 622,1 млрд. теңгеге;

2) жұмыстар 921,1 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, оның ішінде жергілікті өнім берушілерден жұмыстар 569 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті жұмыстар үлесі - 61,8 %. Алдыңғы екі жылмен салыстырғанда, 2012 жылы жергілікті жұмыстар 2010 жылға қарағанда 239 млрд. теңге көп сатып алынған, ал 2011 жылмен салыстырғанда - 201,5 млрд. теңгеге көп;

3) көрсетілетін қызметтер 1 038,3 млрд. теңге жалпы сомасына сатып алынған, жергілікті өнім берушілерден 909 млрд. теңге сомасына сатып алынған, жергілікті көрсетілетін қызметтер үлесі 87,5 %-ды құрады. Салыстыру үшін 2010 және 2011 жылдары жергілікті қамту үлесі тиісінше 75,8 % және 70,1 % құрады.

Соңғы үш жылдағы мониторингті талдау нәтижелері бойынша жергілікті қамтуды дамытудың оң серпіні мемлекеттік сатып алуда, ұлттық компаниялар мен холдингтердің сатып алуында сақталатыны анықталды. Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуында тек тауарлар мен көрсетілетін қызметтерде оң серпін сақталуда. Жүйе құраушы кәсіпорындардың сатып алуындағы жергілікті қамту деңгейі тұрақсыз болып сипатталады.

Сонымен бірге, бірқатар көрсеткіштер бойынша нысаналы индикаторларға ортақ қол жеткізбеу байқалады. Нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің алмаудың негізгі себептері мыналар:

1) нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша нақты тетіктер мен іс-шаралардың жеткіліксіздігі. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, жергілікті қамтуды дамыту саласындағы уәкілетті орган ретінде отандық өндірушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсету жөніндегі саясатты әзірлейді, алайда, отандық өнім өндірушілерінің пайдасына мониторинг субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімдеріне елеулі ықпал ететін нақты тікелей тетіктер мен құралдары жоқ;

2) бекітілген нысаналы индикаторларды есептеу кезінде «резидент/резидент емес» қағидатын пайдалана отырып, қазақстандық қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесінің алдыңғы нұсқасы қолданған болатын, бұл қорытындысында күтілетін индикаторларды арттырып жіберді. Бағдарламаны қолданысқа енгізген сәттен бастап, оның негізінде мониторинг субъектілері есептеуді жүзеге асыратын жергілікті қамтуды есептеу әдістемесі бірқатар өзгерістерге ұшырады, атап айтқанда, «CT-KZ» сертификатымен растаусыз жергілікті болып саналатын шикізат тауарларының тізбесі көзделген, қазақстандық кадрлардың еңбекақы қоры үлесін есептеу формуласы әзірленді және т.б. Нәтижесінде, осы өзгерістер жергілікті қамту субъектілерінің жергілікті қамту көрсеткіштеріне ықпал етеді;

3) «CT-KZ» нысанындағы сертификаттың қолдану мерзімінің шектеулі болуына байланысты оның тиімсіздігіне орай меншікті өнімге осы сертификатты ресімдеуден және ұсынудан отандық өндірушілердің бас тартуы мәселесі болып табылады.

Осыған байланысты, оларға қол жеткізуге ықпал ететін барлық факторларды және елді индустрияландыру бойынша мемлекет өткізетін іс-шараларды есепке ала отырып, нысаналы индикаторларды қайта қарау қажеттілігі туындайды.

2. Жергілікті қамтуды дамыту үшін мықты және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау

Ел экономикасының негізгі салаларында жергілікті қамту үлесін арттыруға ықпал ететін және кедергі келтіретін негізгі факторлар төменде келтірілген.

Мықты жақтары:

1) жергілікті қамтуды дамытуды қолдауға жүйелі және жедел шаралар кешенін көздейтін заңнамалық базаның болуы, сондай-ақ отандық өндірушілерге арналған преференциялық режимнің қолданылуы;

2) мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда, ұлттық компанияларда және басқа да мүдделі тараптарда жергілікті қамтуды дамыту бойынша арнайы ұйымдардың/институттардың және тиісті құрылымдық бөлімшелердің болуы.

Әлсіз жақтары:

1) мүдделі тараптар жағынан жергілікті қамтуды дамыту бойынша күш-жігерді тиімді үйлестірудің жеткіліксіздігі;

2) интеграциялық мәселелер шеңберінде жергілікті қамтуды одан әрі дамыту бойынша шектеулердің болуы және орта мерзімді перспективада преференциялық режимді ішінара немесе толықтай алып тастау қажеттілігі;

3) Өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жұмыс істейтін ірі мұнай-газ операторларының сатып алуындағы жергілікті қамтуды арттыруға әсер ететін нақты тетіктердің жоқтығы.

Мүмкіндіктер:

1) интеграциялық процестер шеңберінде преференциялық режимді қолдану үшін барынша мүмкін болатын ауыспалы мерзімді белгілеу;

2) ірі жер қойнауын пайдаланушылардың қызметтерін одан әрі кеңейту жобаларының шеңберінде олардың сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін арттыру;

3) отандық өнімді тек мониторинг субъектілері ғана емес, халықтың да сатып алуын ынталандыру үшін экономикалық және идеологиялық құралдарды қолдану.

Қауіптер:

1) экономикалық интеграция шеңберінде отандық өндірушілер үшін преференциялық режимді қолданудың қажетті өтпелі мерзімі туралы уағдаластықтарға қол жеткізбеудің жоғары ықтималдылығы;

2) ұлттық маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ отандық өндірушілердің мүмкіндіктерін тиісінше ескермей жер қойнауын пайдалану жөніндегі ірі жобаларды іске асыру;

3) Ресей мен Қытай сияқты Қазақстан Республикасымен шектесетін ірі дамушы елдерде өнеркәсіптік өндірістің қарқынды дамуы салдарынан ішкі нарықтағы бәсекелестіктің анағұрлым күшеюі.

3. Жергілікті қамтуды дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері және алғышарттары

Интеграциялық процестерді жандандыру

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі, сондай-ақ Бірыңғай Экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберінде экономикалық интеграцияның тереңдеуі жергілікті қамтуды дамыту бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа елеулі өзгерістер алып келеді.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруі ДСҰ нормаларына сәйкес, атап айтқанда сауда-саттықпен байланысты инвестициялық шаралар жөніндегі келісіммен (ТРИМС) 1994 жылғы ГАТТ III және XI баптардың шарттарына сәйкес келмейтін сауда-саттықпен байланысты инвестициялық шараларды қолдануға тыйым салынады (көрсетілген баптардың міндеттемелері ұлттық режим мен сандық шектеулерден жалпы бас тартуға қатысты). Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарында көзделген Қазақстанда өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді міндетті пайдалану бойынша талаптар ДСҰ нормаларына қайшы келуі мүмкін.

Сонымен қатар, ДСҰ-ға қосылатын елдерге жергілікті компоненттердің үлесі бойынша шетелдік инвесторларға қойылатын талаптарды жою бойынша өтпелі кезең ұсынылуы мүмкін. Аргентина, Колумбия, Малайзия, Мексика, Пәкістан, Румыния, Таиланд және Филиппин сияқты елдер мысал болып табылады.

Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберіндегі экономикалық интеграция

Бірыңғай экономикалық кеңістік экономикалық интеграцияның неғұрлым терең нысаны болып табылады және өзіне қолданыстағы Кедендік одаққа қосымша мынадай шарттарды қамтиды:

1) келісілген экономикалық саясат;
2) капиталдың еркін қозғалысы;
3) көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы;
4) жұмыс күшінің еркін қозғалысы;
5) БЭК-ке мүше мемлекеттердің инфрақұрылымына тең қолжетімділік.

БЭК келісімі бірыңғай макроэкономикалық және бәсекелі саясатты құруға бағытталған. Табиғи монополиялар шеңберінде реттеудің бірыңғай қағидалары белгіленетін болады. Электр энергетикасы және теміржол көлігі, мұнай және газды тасымалдау саласында БЭК-ке қатысушы елдердің инфрақұрылымына тең қолжетімділікті ұсыну болжанып отыр.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы субсидияларын ұсыну, мемлекеттік сатып алуды өткізудің бірыңғай қағидаттарын әзірлеу болжануда.

Осылайша, ДСҰ-ға кіру және БЭК-ке интеграциялану қолданыстағы заңнаманы отандық өндірушілерге преференцияларды ұсыну, сондай-ақ «CT-KZ» сертификатына негізделген жергілікті қамтуды дамытуды мониторингілеу және болжау жүйесін жетілдіру бөлігінде қайта қарау талап етеді. ДСҰ және БЭК нормаларына қайшы келмейтін қолдаудың жаңа құралдарын, сондай-ақ мониторингтің неғұрлым икемді және тиімді жүйесін әзірлеу қажет.

Отандық өнеркәсіпті дамыту және өтпелі кезеңнің мерзімдері аяқталғанан кейін дербес өмір сүруге жағдайлар жасау үшін өтпелі мерзім ұсынатын уақытты барынша пайдалану аса маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, интеграциялық процестер шеңберіндегі өтпелі кезең мерзімдерінің тығыздығы одан да тиімді жүйе құру қажеттілігін туындатады, бұл ретте отандық өндіріс елдің ішінде де және одан тыс та бәсекелесе алатын еді. Осыған байланысты, жергілікті қамтуды дамыту бойынша мемлекеттік саясатқа мынадай аспектілерді қайта қарау қажеттілігі туындап отыр:

Әлеуметтік аспектілер

Халықтың тұрақты жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында оқшаулау деңгейінің мүмкіндігінше төмендігіне қарамастан жаңа өндірістерді игеруді ынталандыру қажет. Сондай-ақ, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамтуды ұлғайту бойынша мемлекет жүргізіп отырған шараларды күшейту қажет, өйткені соңғылары халықты жұмыспен қамтумен де тікелей байланысты.

Бәсекеге қабілеттілік

Бүгінгі күні жергілікті қамтуды дамыту импортты алмастыруға бағытталған, осыған орай, мемлекет отандық өндірушілерге Қазақстанның БЭК-ке және ДСҰ-ға мүшелігі жағдайында олардың бәсекелесу қабілеттілігіне байланыссыз мемлекеттік қолдау шараларын ұсынады. Осылайша, ішкі нарықта бәсекені күшейткен кезде отандық өндірушілердің бірқатарының өз қызметтерін тоқтату қаупі туындайды.

Осыған байланысты, болашақта олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында отандық өнім берушілерді шығарылатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға ынталандыруға бағытталған мемлекеттік шараларды күшейту қажет.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру

Интеграциялық процестерді жандандыру жағдайында мемлекетке мемлекеттік-жекешілік әріптестікті ілгерілету жолымен жүргізіліп жатқан елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру саясатын күшейту қажет.

Жергілікті қамтуды тиісті есепке алмай жер қойнауын пайдаланудың ірі жобаларын іске асыру

Өнімді бөлу туралы келісім (бұдан әрі - ӨБК) шарттарына байланысты Қазақстанда жұмыс істейтін ірі мұнай корцорциумдары барынша қолайлы режимді пайдаланады, сондықтан да олардың жұмысының барлық кезеңіне жергілікті қамтуды дамыту саясаты аталған жобаларға қолданылмайды. Сонымен қатар, ӨБК жобалары мұнай-газ секторына барлық инвестициялардың орасан зор үлесін қамтиды. Осыған байланысты, осы кәсіпорындардың жергілікті қамту бойынша міндеттемелерді еркін қабылдауы бойынша іс-шараларды өткізу қажет.

Сонымен қатар, жекелеген ірі жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің қызметтерін кеңейту бойынша қосымша жобаларды алдын ала қабылдауда немесе орта мерзімді перспективада алдын ала қабылдауды жоспарлауда. Осыған байланысты, мемлекет кеңейту жөніндегі осындай жобалардың шеңберінде бас мердігерлердің функцияларын орындауға қабілетті жергілікті көшбасшы-компанияларды уақтылы дайындау үшін барлық қажетті шараларды алдын ала қабылдауы тиіс.

4. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаның сипаттамасын, жергілікті қамтуды дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың қолданыстағы практикалары мен нәтижелерін қоса алғанда, жергілікті қамтуды дамытуды мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау

Жергілікті қамтуды дамыту бойынша мемлекет қабылдайтын негізгі шаралар Қазақстан Республикасының «**Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы**», «**Мемлекеттік сатып алу туралы**», «**Ұлттық әл-ауқат қоры туралы**», «**Концессиялар туралы**», «**Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы**» заңдарында көрініс тапқан.

Отандық өндірушіні қолдау мақсатында нормативті-құқықтық актілерде жергілікті өндірушілердің конкурстық өтінімдерінің бағасын шартты азайту көзделген, олар жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың сатып алуына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуға және де жиынтығында отандық өндірушілер үшін преференциялық режимнің негізі болып табылатын басқа да шараларға қолданылады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында жер қойнауын пайдаланушылардың, мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтердің және компаниялардың, жүйе құраушы кәсіпорындар мен концессионерлердің сатып алуында жергілікті қамту үлесін міндетті мониторингілеу бойынша нормалар көзделген.

Жергілікті қамтуды дамыту бойынша жұмыстар шеңберінде сатып алу процесінің ашықтығын және жергілікті қамтудың айқын мониторингін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізілді, сатып алудың ашықтығын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құрылды: «Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімі» және «Жергілікті қамту» Интернет-порталы.

Жер қойнауын пайдаланушылар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар және жүйе құрушы кәсіпорындарға да жүргізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы есептер мен сатып алудың жылдық жоспарларын ұсыну жөніндегі талаптар бекітілген. Жергілікті қамтуды дұрыс есептеу мақсатында Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеудің бірыңғай әдістемесі әзірленді.

«Отандық әлеуетті өнім берушілердің санаттарын мемлекеттік қолдау шараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1353 қаулысымен мемлекеттік органдар сатып алуды жүргізу кезінде жергілікті өндірушілерден ғана сатып алуға міндетті тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің **номенклатурасы** бекітілді.

2012 жылы «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының **Заңы** (бұдан әрі - Заң) қабылданды. Заңда Қазақстан Республикасының өзге заңдарында айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып, индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шаралары айқындалды.

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларына мыналар жатады:

1) жобаларды бірлесіп қаржыландыруды, лизингтік қаржыландыру қоса алғанда, қаржыландыру;

2) қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелерді және қарыздар бойынша кепілгерліктерді ұсыну;

3) қаржылық институттар арқылы кредиттеу;

4) қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін және облигациялар бойынша купондық сыйақыларды субсидиялау;

5) жарғылық капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру;

6) кепілдендірілген тапсырыс;

7) инновациялық гранттарды ұсыну;

8) білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

9) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;

10) жер учаскелерін және жер қойнауын пайдалану құқықтарын ұсыну;

11) ішкі нарықта қолдау көрсету;

12) шетелдік инвестицияларды тарту;

13) отандық өңделген тауарлардың, қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға отандық өндірушілерді қолдау, оның ішінде қаржылай қолдаудың әр түрлі құралдарын көздейтін «**Бизнестің жол картасы 2020**», «**Бизнес 2020**», «Экспорт 2020», «**Өнімділік 2020**» бағдарламалары қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Үкіметі отандық өндірушілерді қолдаудың 100 шақты құралын әзірледі. Оның ішінде 50-ден аса отандық өндірушілерді қолдау құралы тікелей немесе жанама түрде жергілікті қамтудың дамуына ықпал етеді.

Осылайша, қазіргі уақытта отандық өндірісті дамыту, оны кеңейту мен жаңғырту, ішкі нарықта жергілікті қамтуды ұлғайту үшін жағдайлар жасалған. Заңнамалық базаны, нарықты талдау мен мониторинг жүргізуді, мониторинг субъектілерінің сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуді көздейтін инфрақұрылым құрылды, отандық өндірушілерді қолдау құралдары енгізілді. Іске асырылған іс-шаралар жергілікті қамтуды дамыту мәселесіне жүйелі тәсілді қамтамасыз етті.

Жергілікті қамтуды дамыту саласындағы қолданыстағы заңнамалық база және мемлекеттік қолдау шаралары қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және республикада бұрын болмаған жаңа өндірістерді дамытуға мүмкіндік жасады. Тау-кен секторына арналған вагондарды (кенді тасымалдау), тепловоздар мен электровоздарды, жеңіл автокөліктерді құрастыруды қоса алғанда, жолаушылар және жүк тасымалдайтын вагондарды шығару бойынша кәсіпорындар құрылды. Сондай-ақ, машина жасау саласында индустриялық (стационарлық, күштік) қорғасын-қышқылды аккумулятор батареялары; автомобиль көлігіне арналған сүзгілер; трейлерлер; «Беларус-3022ДЦ.1» тракторын құрастыру; МАЗ автомобильдерінің базасында арнайы техникаларды; «КазБелАЗ» техникасын құрастыру мен қосалқы бөлшектер, мамандандырылған ұшақтар мен тікұшақтар; планшетті компьютерлер, телевизорлар, мониторлар және т.б. өндірісі жолға қойылды.

Жүргізілген жұмыс нәтижелерін жергілікті қамтуды дамыту мониторингі бойынша көрсеткіштер арқылы да бағалауға болады.

5. Қазақстан Республикасының жағдайларына бейімделуі мүмкін орын алып отырған проблемаларды шешу бойынша шетелдік оң тәжірибені, сондай-ақ жүргізілген маркетингтік зерттеулердің нәтижелерін шолу

Малайзия

Малайзияда экономикалық саясаттың маңызды құралы индикативті жоспарлау болып табылады. Индикативті жоспарлар ұзақ мерзімді (10 жылға), орта мерзімді (5 жылға) және қысқа мерзімді (1 жылға) перспективаға жасалады.

Жоғары технологиялы өнім өндірістерін дамытуға ықпал ететін салық салу жүйесінің тетіктерін қолдану.

Жаңадан құрылған кәсіпорындар толығымен немесе ішінара 5-10 жыл мерзімге корпоративтік салықтан босатылады (қызмет саласына байланысты); одан жоғары технологиялы өнім өндіретін кәсіпорындар толығымен босатылады; өндірісті дамытуға арналған инвестициялар және т.б. салық салуға жатпайды.

Тұтастай алғанда, Малайзияның салық жүйесі қарапайымдылығымен сипатталады. Онда басқа елдерде кеңінен қолданылатын көптеген салық түрлері (қосылған құн салығы, мүлікке салынатын салық және т.б) жоқ. Ал өндірістік кәсіпорындарға берілетін елеулі салық жеңілдіктері бір жағынан әлемдік нарықта бәсекелестікті күшейту жағдайында малайзиялық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді, екінші жағынан қаржы жинау мен инвестицияларды ынталандырады.

Бразилия

Бразилияда әзірленген бағдарламаның негізінде үкіметтің, операторлар мен жеткізушілердің арасында диалог құру жатыр. Бұл үшін байланыстың құрылымдалған жүйесі әзірленген болатын, ол жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі жоспарларды іске асыруға мүмкіндік берді. Барлық бағдарламаларды қолдау бойынша бірыңғай құрылым айқындалды және мониторинг процесі үшін жергілікті қамтуды бағалаудың бірыңғай әдістемесі жасалды. Сонымен қатар бағдарламада нысаналы көрсеткіштер мен әртүрлі уақыт кезеңіне арналған мақсаттар құру және оларды тұрақты бақылау айқындалды.

Осыған байланысты, алдыңғы талдаулардың негізінде одан әрі дамыту үшін 18 сегмент айқындалды. Іріктеп алынған 18 сектор олардың бәсекеге қабілеттілік деңгейлеріне байланысты 3 топқа бөлінді. Барлық тауарлар бұрын Бразилияда өндірілмеген.

Бағдарламаның негізгі мақсаты жаңа технологияларды игеру және сол арқылы жаңа жұмыс орындарын құру болды.

Осы іс-шараларды қолдауға жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ережелер бірнеше рет түзетілді. Бұрынғы концессиялық келісімдер есептіліктің оңайлатылған формуласын қоса алғанда, жергілікті қамтуды дамыту бойынша ғаламдық талаптар көздеген болатын. Кейінірек жасалған келісімдер және қосымша директивалар жеткізілім жүйесіндегі санаттарға байланысты барынша сараланған мақсаттарды қамтыды. Бұл мақсаттар жеткізілім жүйесінің өнеркәсіптік бәсекеге қабілеттілігін дамытудың айқын стратегиясында және Бразилияның экономикасына нақты сапалы түсімдерді айқындайтын есептілікті ұсынудың кешенді формуласында көрініс тапты.

2003 - 2008 жылдар аралығындағы кезеңде қабылданған шаралардың нәтижесінде бразилиялық қамту 57 %-дан 75 %-ға дейін өсті, елдің экономикасына шамамен 9,3 млрд. АҚШ доллары салынды және 430 мың жұмыс орны құрылды.

Норвегия

Норвегияда жергілікті қамту 60-80 %-ды құрайды. Ел 2020 жылға қарай мұнай және газ технологияларының жетекші халықаралық орталығы болуға ниетті. Ол үшін ғылымды көп қажет ететін салаларға шетел инвестицияларын тарту және көмірсутекті барлау және өндіру саласында норвегтік ноу-хау экспортын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Мемлекеттің барлық теңіз көмірсутек жобаларына 50-пайыздық қатысуы бар және бұл ретте геологиялық барлауға және қызметкерлердің үлкен штатына ірі бюджетті қажет етпей-ақ, өзінің әріптестерінің біліміне рұқсат алады. Сонымен қатар норвегиялық үкімет ұлттық ғылыми-техникалық кешенді қалыптастыруға көмектескен шетелдік инвесторларды жүйелі түрде бағалады және марапаттады.

Бұл ретте салықтық және лицензиялық саясатқа өзгерістер енгізілуде. Геологиялық барлауға қаражат салған кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктері енгізілді. Бұл сәтсіз бұрғылау жағдайында оларға үлкен шығыс алып келетін қауіп-қатерді жоя отырып, жаңа компанияларды тартады.

Норвегия ішкі стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімін белсенді түрде жүзеге асырды, стандарттау және сертификаттау бойынша, оның ішінде еңбек қатынастары саласындағы (мамандықтар, разрядтар және т.б.) ірі халықаралық ұйымдар мен компанияларды тартуды салықтық және өзге де преференциялармен ынталандырды.

Норвегияның жергілікті қамту мәселесіндегі талаптарының бірі мұнай өңдеу өнеркәсібінде норвег тілін қолдану туралы ереже болып табылады.

Қытай

ДСҰ бойынша міндеттемелерге сәйкес Қытай ішкі автомобиль нарығына шетелдік өндірушілердің қолжетімділігін біртіндеп кеңейтуде. Шетелдік автомобильдер мен жиынтықтауыштарға квоталар 2005 жылға дейін 15 %-ға ұлғайды, содан кейін көрсетілген квоталар алынып тасталды. Автомобильдердің импортына квоталарды басқару Қытайда 20 жыл бойы қолданылды. Батыс сарапшыларының пікірінше квоталарды бөлу кезінде елдің автомобиль өнеркәсібін дамытуға едәуір қаражат салған автомобиль компанияларының пайдасына басымдықтардың құпия жүйесі бар.

ҚХР Үкіметі жиынтықтау индустриясына инвестициялау үлесі автомобиль өнеркәсібіндегі инвестициялаудың жалпы көлемінен 40 %-дан аз болмау керек деген шешім қабылдады. Жеңілдікті кредит беру режимі берілген жиынтықтаушы өндірісті дамыту бойынша 25 негізгі жоба айқындалды. Билік халық шаруашылығының осы саласында инвесторларды капитал салуға салынатын салықтан да босатты немесе қысқартты.

Дайын импорттық машина жинақтарынан құрастыруды ұйымдастыруға жол берілген жоқ. Осы талаптарға сәйкес ҚХР-да үш жылдан астам жұмыс істейтін автомобиль БК елде қозғалтқыштарды және бірнеше басқа да негізгі құрамдастарды қоспағанда, шамамен барлық жиынтықтаушыларды шығарады.

Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің жергілікті өндірушілерін дамыту бойынша әлемдік тәжірибе негізінде ұлттық өнеркәсіпті құру мен қолдаудың негізі мынадай шараларды қабылдау болды деп қорытынды шығаруға болады:

1) индикативті жоспарлау, жоспарлардың орындалу мониторингі;

2) жоғары технологиялық өнім өндіруді дамытуға ықпал ететін салық салу жүйесінің тетіктерін қолдану, сондай-ақ салық жүйесін тұтастай алғанда жеңілдету;

3) салалық көшбасшыларды жасау;

4) жеңілдікті кредиттерді жоғары сапаға және еңбек өнімділігінің белгілі бір деңгейіне айырбастау;

5) ғылыми-техникалық кешенге қаражат салатын шетелдік инвесторларды қолдау;

6) ҒЗТКЖ-да мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту;

7) мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру;

8) салалық ынтымақтастықтың және мемлекеттік жекешелік әріптестіктің жоғары деңгейі;

9) тауарлар импортын кедендік-тарифтік реттеу;

10) инвестициялық жобалардағы жергілікті қамту бойынша міндеттемелерін белгілеу.

Халықаралық практиканы зерделеу барысында анықталған жергілікті қамтуды дамытуды қолдау шаралары осы Бағдарламаны әзірлеу кезінде ескерілгенін атап өту қажет.

## 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

**Мақсаты**

Бәсекеге қабілетті тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің отандық өндірісін орнықты дамыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ оларды ішкі нарықта ілгерілету.

| Нысаналы индикаторлар | Ақпарат көзі | Өлшем бірлігі | 2010 жыл | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік органдардың сатып алуындағы жергілікті қамтудың | ИЖТМ | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| үлесі: | | | | | | | |
| тауарларда | | % | 50 | 42,1 | 43 | 44 | 43 |
| жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерде | | % | 80 | 85,9 | 86,9 | 88 | 87 |
| Ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың сатып алуындағы жергілікті қамтудың үлесі: | | | | | | | |
| тауарларда | | % | 51 | 46,2 | 47 | 47 | 49 |
| жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерде | | % | 75 | 67,7 | 73,3 | 75 | 78 |
| Жүйе құраушы кәсіпорындардың сатып алуындағы жергілікті қамтудың үлесі: | | | | | | | |
